

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ - АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ**



**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ (ЛИЦЕЙЛЕР МЕН
ГИМНАЗИЯЛАРДЫҢ) МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫПТАРЫНДА
ТӘРБИЕЛЕУ - БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ
БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ОРГАНИЗАЦИИ
ВОСПИТАТЕЛЬНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА В
ПРЕДШКОЛЬНЫХ КЛАССАХ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ШКОЛ
(ЛИЦЕЕВ, ГИМНАЗИЙ)**

Астана 2025

*Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

Жалпы білім беретін мектептердің (лицейлер мен гимназиялардың) мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар: Әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2025. – 36 бет.

Пікір берушілер:

Жиенбаева С.Н., п.ғ.д., профессор

Кайыргалиева Б. Т., меңгеруші

Алпысбаева Н.С., әдіскер

Әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі білім берудің мынадай негізгі қағидаттарын: мектепке дейінгі және бастауыш білім беру арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету, баланың базалық құзыреттіліктерін дамыту (физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалды), түрлі әрекеттерді, оқытудың ойын және зерттеу әдістерін қолдану, дамытушы ортаны ұйымдастыру, әр баламен жеке тәсіл, ата-аналармен және бастауыш сынып мұғалімдерімен тиімді өзара әрекетті іске асыруға бағытталған.

Аталған әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектептердің (лицейлер мен гимназиялардың) мектепалды сыныптарының педагогтеріне арналған.

Әдістемелік ұсынымдар ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2025 жылғы 28 қазандағы № 14 хаттама).

Балаларды ерте дамыту институты, 2025 ж.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыруда (ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы) жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін сапалы ұйымдастыру ерекше маңызға ие.

Мектепалды даярлық баланың мектепке дайындығын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Бұл кезеңде тек базалық білім беріп қана қоймай, сонымен қатар, бала тұлғасының жан-жақты дамуы, оның жаңа әлеуметтік және оқу жағдайларына бейімделуі үшін жағдай жасау маңызды.

Қазақстанның білім беру саясатының заманауи талаптарына сәйкес мектепалды сыныптарда тәрбиелеу-білім беру процесі мынадай негізде құрылуы тиіс:

- түрлі балалар әрекеттерін кіріктіру;
- ойын, әрекет және зерттеу әдістеріне басымдық беру;
- әр балаға жеке тәсілді қолдану;
- эмоционалды жайлылықты қамтамасыз ету;
- отбасымен және бастауыш сынып мұғалімдерімен тығыз қарым-қатынаста болу.

Мектепалды сыныптарда жұмысты ұйымдастыру мынадай әдістемелік принциптерді ескере отырып құрылады:

Ойын тәсілі — оқыту мен дамытудың негізі

Ойын әрекеті — мектеп жасына дейінгі баланың белсенділігінің жетекші түрі. Ойын арқылы танымдық, әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік және физикалық қасиеттерді дамыту міндеттері жүзеге асырылады.

Түрлі балалар әрекеттерін кіріктіру

Тәрбиелеу-білім беру процесі: ойын, коммуникативтік, танымдық-зерттеушілік, қимыл, музыкалық, бейнелеу әрекетін, өзіне-өзі қызмет көрсету және еңбекке баулуды қамтиды.

Оқытуды даралау

Педагог балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескереді, бақылау мен диагностика негізінде жұмыс жүргізеді.

Дамытушы ортаны ұйымдастыру

Орта қауіпсіз, көп атқарымды, балаларды белсенділік танытуға, эксперимент жасауға, шығармашылыққа және өзара әрекет етуге ынталандыратындай болуы қажет.

Бастауыш мектеппен сабақтастық:

- бастауыш сыныптармен бірлескен іс-шараларға қатысу;
- оқу тәртібінің дағдыларын қалыптастыру;
- бастауыш сынып мұғалімдеріне баланың жеке ерекшеліктері туралы ақпарат беру арқылы қамтамасыз етіледі.

Ата-аналармен өзара ынтымақтастық

Отбасын тәрбиелеу-білім беру процесіне тартуға және баланы тәрбиелеу мен дамытудың бірыңғай тәсілін қалыптастыруға бағытталған кездесулер, консультациялар, ашық есік күндерін ұйымдастыру.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектептердің (лицейлер мен гимназиялардың) мектепалды сыныптарының педагогтеріне тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік көмек көрсету мақсатында әзірленді.

Аталған әдістемелік ұсынымдар педагогтерге:

- Стандарт талаптарын ескере отырып, тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау және ұйымдастыруға;

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың заманауи әдістері мен технологияларын қолдануға;

- балалардың мектепте оқуға сәтті бейімделуіне ықпал етуге;

- ата-аналармен және бастауыш буын педагогтерімен нәтижелі өзара ынтымақтастық орнатуға көмектеседі.

МЕКТЕПТЕРДІҢ (ЛИЦЕЙЛЕР МЕН ГИМНАЗИЯЛАРДЫҢ) МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫПТАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТӘРТІБІ

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес балаларды мектепалды даярлау бес жастан бастап отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады[1].

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес мектептердің, (лицейлер мен гимназиялардың) мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесі 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру кезеңі) жүзеге асырылады.

Оқу жылы бойы мектептің (лицейдің, гимназияның) ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес каникулдар белгіленеді.

Мектепалды даярлық бағдарламасын өткен тәрбиеленушілерді мектепалды сыныптардан шығару жыл сайын 31 мамырда жүзеге асырылады [5].

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру

Мектептердің (лицейлер мен гимназиялардың) мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесі:

1) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (бұдан әрі-Стандарт), ол мыналарды:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына;
- тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне;
- тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды анықтайды [2];

2) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (бұдан әрі-Үлгілік жоспар)

Үлгілік жоспар бастауыш білім беру мазмұнымен сабақтастықты қамтамасыз ететін ұйымдастырылған іс-әрекеттің мынадай түрлерін қамтиды: коммуникативтік («Тіл дамыту», «Көркем әдебиет», «Қазақ тілі»), коммуникативтік және танымдық («Сауат ашу негіздірі»), танымдық және зерттеу («Математика негіздері», «Қоршаған әлеммен таныстыру»), шығармашылық («Сурет салу», «Музыка», «Жапсыру»).

Үлгілік жоспарға сәйкес мектептердің мектепалды сыныптарында аптасына ұйымдастырылған іс-әрекеттің саны - 20 сағатты (күніне 4-5), ұзақтығы - 20-25 минутты құрайды [3].

3) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі-Үлгілік бағдарлама) сәйкес іске асырады.

Үлгілік бағдарламаның мазмұнында:

- тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру;
- ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны;
- әрекет түрлерін тиімді кіріктіру;

-тәрбие мен оқытудың сабақтастық, үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету;

-балалардың бағдарлама мазмұнын меңгеруінің күтілетін нәтижесі қарастырылады [4].

МЕКТЕПТЕРДІҢ (ЛИЦЕЙЛЕР МЕН ГИМНАЗИЯЛАРДЫҢ) МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫПТАРЫ ПЕДАГОГІНІҢ РӨЛІ

Мектепалды сынып педагогі балалардың оқуға деген ынтасын, мектепке оң көзқарасын және өмірдің жаңа кезеңіне өтуге дайындығын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Педагогтің міндеті — тек оқыту ғана емес, сонымен қатар психологиялық жайлылық жағдайында әр баланың дамуын қолдай отырып, жеке тұлғаның қалыптасу процесінде қолдау көрсету. Балаларға жылы қабак таныту, барлық балаға мейірімді және кешірімді болу, олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне құрметпен қарауды, жетістіктеріне қуана білуді, бастамашылдығына қолдау көрсетуді, оларға сенім артуды, әр бала өзін қауіпсіз сезінуі үшін, мұнда оны жақсы көретініне, оған қамқорлық жасайтынына сенімді болуды, баланың жеке басына құрмет көрсетуді және басқаларды білдіреді. Балалардың ұлтына, әлеуметтік статусына, психофизиологиялық және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан барлығына бірдей көңіл бөлу және әділ болу. Сапалы маңызды өзара іс-қимыл - педагогтің әр баламен жеке қарым-қатынасы, баланың іс-әрекетіне және оның пікіріне шынайы қызығушылықпен қарау, тындау, қолдау көрсету, балаға жылы қарым-қатынас көрсету болып табылады.

Дамытушы ортаны ұйымдастырушы

Мектепалды сынып педагогі баланың жан-жақты дамуына, оның дербестігін, танымдық белсенділігін және оқуға оң ынтасын қалыптастыруға ықпал ететін дамытушы орта ұйымдастыруда маңызды рөл атқарады. Мұндай орта тек қауіпсіз және көп атқарымды ғана емес, сонымен қатар балалардың бастамасы мен шығармашылығын қолдау үшін онда әртүрлі материалдардың болуы қажет.

1. Көп атқарымды және қауіпсіз орта ұйымдастыру

Үлгілік бағдарламада ұсынылған міндеттерді, 5 жастағы балалардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, кеңістікті орталықтарға бөлуді жүзеге асырады:

ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге арналған орталық (үстелдер, орындықтар, тақта/панель),

ойындар мен рөлдік әрекетке арналған орталық,

демалыс немесе балалардың оңаша ойнауына арналған орын,

эксперимент жүргізуге арналған орталық.

Ортаның:

физикалық тұрғыдан қауіпсіз (жиһаздар мен үстелдердің үшкір бұрыштарының болмауы, жиһаздардың берік орналасуы, санитарлық нормаларды сақтау),

психологиялық жайлы (жарық, жайлы бұрыштар, жағымды түстер),

балалардың өздері қолдануы үшін қол жетімді болуын қадағалау қажет.

2. Дамытушы материалдармен қызығушылық орталықтарын қамтамасыз ету

Балалардың жастарына және қызығушылықтарына сәйкес көрнекі, сенсорлық, дидактикалық және ойын материалдарын таңдау.

Қызығушылық орталықтарын (бұрыштарын) жабдықтайды, олар мыналарды қамтуы мүмкін:

Кітап бұрышы — кітаптар;

Шығармашылық орталығы — бояулар, ермексаз, түрлі-түсті қағаздар, табиғи материалдар және басқалар;

Табиғат пен ғылым бұрышы — өсімдіктер, тастар, құм коллекциялары, макеттер және басқалар;

Сюжетті-рөлдік ойындар орталығы — қуыршақ театры, костюмдер, шағын дүкен, аурухана және басқалар.

Жыл мезгіліне, таңдалған тақырыптарға, балалардың қызығушылықтарына сәйкес бұрыштар мен орталықтардың мазмұнын жаңарту.

3. Белсенді өзара әрекет ету және қарым-қатынас үшін жағдай жасау

Ортаны балалар арасындағы қарым-қатынасты ынталандыратындай етіп ұйымдастыру: бірлескен ойындар, ұжымдық жобалар, қарапайым зерттеу әрекеті.

Тәрбиеленушілерге әрекетті, ойындағы серіктестерін, материалдарды еркін таңдауына жағдай жасау, бұл бастамашылық таныту мен дербестікті дамытады.

Балаларға әлеуметтік рөлдерді ойнауы, алған білімдері мен қалыптасқан дағдыларын кез келген жағдайларда қолдануы үшін еркін ойындарға уақыт беру.

Диалог, сюжетті-рөлдік ойындар, сезімдер мен мінез-құлықты талқылау арқылы эмоционалды интеллекттің дамуына ықпал ету.

4. АКТ және цифрлық құралдарды кіріктіру

Техникалық жағдайлар болғанда:

- танымдық ойындар мен тапсырмаларға арналған интерактивті тақта/панельді;

- сөйлеу мен естуді дамытуға арналған аудиожазбаларды,

- мультфильмдер, сандық презентациялар, қарапайым оқыту қосымшаларын қолдануға болады.

Цифрлық құралдарды қолдану уақытпен шектелуі, экран жүктемесінің жас ерекшелік нормасын ескере отырып, білім беру нәтижесіне нақты бағытталуы керек екенін есте ұстаған абзал.

5. Шығармашылықты қолдау

Балаларға шығармашылық үшін материалдар мен тақырыптарды таңдау еркіндігін беру.

Жұмыстың «дұрыс» орындалғанын бағаламай, оның өзіндік ерекшелігін, баланың бастамасын, қиялын ынталандыру.

Балалар жұмыстарының шағын көрмелерін ұйымдастыру, бұл олардың сәттілікті, сенімділікті және өзінің маңызды екенін сезіне білуін қалыптастыруға ықпал етеді.

6. Органың икемділігі мен ұтқырлығы

Ортадағы материалдарды:

- тақырыпты өзгертуге;
- балалардың дайындық деңгейіне;
- қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне;
- жыл мезгілдеріне, күнтізбелік мерекелер мен оқиғаларға сәйкес жиі өзгерту және жаңарту.

Әрекет түрлеріне бейімдеуге болатын мобильді модульдер мен конструкцияларды қолдану.

Педагогтің дамытушы ортаны ұйымдастырудағы рөлі — баланың тәрбиелеу-білім беру процесінің белсенді қатысушысы ретінде дамуына, зерттеуіне, жасап көруіне, қателесуіне, қорытынды жасау және физикалық, зияткерлік, әлеуметтік - эмоционалды тұрғыдан жетілуіне жағдайлар жасау болып табылады. Педагог сауатты ұйымдастырған орта отбасынан және тәрбиешіден кейін үшінші педагог бола алады.

Мектепалды білім берудегі жеке тәсіл

Жеке тәсіл принципі — мектепалды жастағы балалармен жұмыс жүргізудің негізі болып табылады. Әрбір бала өзінің мінез-құлқы, даму қарқыны, дайындық деңгейі, қызығушылықтары және айналасындағылармен қарым-қатынас жасауы бойынша ерекшеленеді. Педагог әр баланың әлеуетін ашуға жағдай жасау үшін тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда осы ерекшеліктердің барлығын ескеруі қажет.

1. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру

Педагог жас ерекшелігі бір балалардың сөйлеу, ойлау, қимыл, әлеуметтік дағдылары мен эмоционалды реакцияларының даму деңгейі бойынша ерекшеленуі мүмкін екенін білуі керек.

Осыған сәйкес педагог:

- ақпаратты меңгеру қарқынын (жылдам, орташа, баяу),
- темперамент типін (сангвиник, холерик, флегматик, меланхолик),
- жаңа жағдайға, бейтаныс тапсырмаларға, әлеуметтік жағдайларға жауап беру тәсілдерін,
- сөйлеу ерекшеліктерін (тілі дамыған/сөйлеуінде кешеуілдеуі бар, екі тілде сөйлеу, логопедиялық проблемалар) ескереді.

Мысалы, флегматик балаға тапсырманы орындау үшін көбірек уақыт қажет болуы мүмкін, ал темпераменті холерик балаға топпен жұмыс істеуді және ережелерді сақтауға үйрету маңызды.

2. Диагностика және бақылау

Педагог күнделікті әрекет процесінде жиі бейресми диагностика жүргізеді:

- баланың мінез-құлқын, қызығушылықтарын бақылайды;
- баланың жетістіктері мен қиындықтарын тіркейді;

- педагогикалық бақылауларды, ойын түрлерін қолданады.

Осы мәліметтердің барлығын педагог:

- лайықты тапсырмаларды таңдау;

- топтық жұмыста рөлдерді бөлу;

- түзету немесе дамыту шараларын жоспарлау үшін қолданады.

3. Тапсырмалар мен жұмыс түрлерін саралау

Жоғарыда көрсетілген барлық мәліметтерді ескере отырып, педагог күрделілігі әртүрлі тапсырмаларды ұсынады:

- көрнекі, дыбыстық, қимылды — баланың қабылдау ерекшелігіне байланысты;

- жеке, жұппен және топтық жұмыс түрлері — әлеуметтену деңгейіне байланысты.

Икемді тәсілді қолданады:

- кейбір балаларға дамытуға сәйкес қосымша тапсырмалар береді;

- басқа балаларға — негізгі тапсырмаларды орындау кезінде көмек пен қолдау көрсетеді.

Мысалы, егер бала 10-ға дейін санауды меңгермесе, оған көрнекілікпен әрекет етуге тапсырма беріледі, ал басқаларына көп/аз ұғымдарын меңгеруге арналған есептерді шешу тапсырылады.

4. Эмоционалды әл-ауқатты қолдау

Баланың мінез-құлқының себебі ішкі жайсыздықтан, мазасыздықтан немесе сәтсіздіктен қорқуынан болуы мүмкін екенін түсіну.

Бұл жағдайда педагог:

- шыдамдылық танытуы,

- баланың жеке басын құрметтеуі,

- баланың мінез-құлқындағы өзгерістерге назар аударуы қажет.

Балаларды бір-бірімен салыстыруға болмайды, баланың ілгері жылжуына көңіл бөлу қажет.

5. Сенімді қарым-қатынас қалыптастыру

Әрбір тәрбиеленушімен сенім мен оны қабылдау негізінде жеке қарым-қатынас орнатады.

Жанашырлық таныту — баланың сезімдерін байқайды және түсінеді, оның пікірі мен эмоционалды күйзелісіне көңіл бөледі.

Бала үшін ересек:

- қиындықта қолдау көрсететін,

- талпынысы үшін мақтайтын,

- қатесі үшін жазаламай, керісінше оны түзетуге көмектесетін тұлға болуы тиіс.

Мұндай қарым-қатынас өзіне деген сенімділікті, оқуға және басқа адамдарға оң көзқарасты қалыптастырудың негізі болып табылады.

6. Ата-аналармен және мамандармен өзара ынтымақтастық

Педагогке ата-аналармен олардың бақылауларымен алмасуға, балалардың мінез-құлқы мен қиындықтарды еңсеру тәсілдерін талқылауға, ұсыныстар беруге болады.

Қажет болған жағдайда — қолдау көрсететін мамандармен (логопед, психолог, дефектолог) өзара әрекет ету, бейімделу бағдарламаларын жасауға қатысу.

3. Ойын, әрекет ету және зерттеу әдістерін қолдану

Мектепалды сыныпта тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың жетекші принциптерінің бірі — 5 жастағы балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқытудың белсенді әрекет түрлеріне көңіл бөлу. Бұл жаста жетекші әрекет — ойын болып табылады, бірақ балаларды бастауыш мектепке дайындай отырып, оқу, зерттеу және шығармашылық әрекет элементтерін қалыптастыру маңызды.

1. Педагог баланың әрекеттегі серіктесі және әрекетке қатысушы

Педагог авторитарлық тәлімгердің рөлінен алшақтайды:

- әрекетті баламен бірге ұйымдастырушы,
- баланың ойындағы серіктесі,
- фасилитатор және балаларды белсендікке шабыттандырушы.

Ынтымақтастық пен бірлесіп шешім іздеу негізінде балалармен өзара қарым-қатынасты қалыптастырады, тапсырма береді, бірақ бастама танытуды шектемейді.

Мысалы, «Дүкен» сюжетті-рөлдік ойынында педагог процесті тікелей басқармайды, бірақ балаларды келісуге, санауға, сөздік қорды қолдануға, қиялдауға ынталандыра отырып, сатып алушы немесе сатушы ретінде қатысады.

2. Ойын әдістерін білім беру процесіне кіріктіру

Мектепке дейінгі білім берудің міндеттері мен мазмұнына сәйкес ойын түрлерін қолдану:

- дидактикалық (зейінді, есте сақтауды, ойлауды дамытады),
- сюжетті-рөлдік (сөйлеу, қиял, коммуникативтік дағдыларды дамытады),
- қимылды (физикалық дамуға, шаршағанды басуға ықпал етеді),
- ережелері бар ойындар (жалпы шарттарға бағынуға үйретеді, өзін-өзі бақылауды дамытады).

Оқытудың ойын технологияларын қолдану:

- «ойын арқылы оқыту»,
- ойын тапсырмалары, викториналар, «саяхат», «экспедициялар»,
- интерактивті панельдегі интерактивті жаттығулар (АКТ болған жағдайда).

3. Зерттеу арқылы танымдық белсенділікті қалыптастыру

Балаларды жауаптарды өзбетінше іздестіруге, эксперимент жасауға ынталандыру:

- табиғат объектілерін (өсімдіктер, ауа-райы, жәндіктер) бақылауды ұсыну,
- қарапайым тәжірибелер жүргізу (сумен, жарықпен, көлеңкемен, дыбыспен),

- шағын зерттеулер мен жобаларды ұйымдастыру: «Бидай қалай өседі?», «Нан неден жасалады?», «Неге жаңбыр жауады?» және т. б.

Ғылыми ойлау мен логиканың негіздерін қалыптастырады: салыстыруға, талдауға, қорытынды жасауға ынталандырады.

«Құм және су» жобасын жүргізуде балалар осы заттардың қасиеттерін өзбетінше зерттейді, қорытынды жасайды, бақылауларды суреттер немесе сызбалар түрінде тіркейді.

4. Әрекет ету тәсілін қолдану

Практикалық әрекет арқылы оқытуды ұйымдастыру:

- мүсіндеу, жапсыру, құрастыру,
- топтық тапсырмалар,
- «шағын зертхана» жұмысына қатысу.

Әрекет ету тәсілі:

қабылдауды белсенді етуге (визуалды, тактильді, есту),

дербес әрекет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Мысалы, геометриялық фигураларды зерттеу кезінде балалар оларды тек қана атамайды, сонымен қатар оларды таяқшалардан құрастырады, қағаздан қияды, композициялар құрастырады.

5. Ойын арқылы оқыту — ынтаны қалыптастырудың негізі

Осы жаста ойын танымның табиғи тәсілі ретінде әрекет етеді, сондықтан ойын арқылы:

бала абстрактілі ұғымдарды (геометриялық пішіндер) оңай меңгереді, мәжбүрлеусіз оқуға деген қызығушылығы қалыптасады, ұжымда жұмыс істеуді, ережелерді сақтауды және бастаған ісін соңына дейін жеткізуді үйренеді.

Педагог жағымды эмоционалды жағдай жасайды, онда бала қуанышты және нәтижеге жетуден қанағаттануды сезінеді.

6. Шығармашылық белсенділік үшін жағдай жасау

Әртүрлі шешімдер мүмкін болатын аяқталмаған тапсырмаларды ұсынады.

Қиял мен шығармашылықты ынталандырады:

- ертегілер құрастыру,
- сурет бойынша әңгімелеп беру,
- еркін тақырыпта қолөнер бұйымдарын жасау және сурет салу.

«Менің болашақ қалам» жобасында балалар конструкторларды, қағазды, ермексазды қолданады, көше атауларын ойлап табады, қаланың «карталарын» құрастырады, балалар танымдық және шығармашылық қабілеттерін көрсетеді.

Ойын, әрекет ету және зерттеу әдістері — материалды жеткізудің бір түрі ғана емес, мектепалды жастағы балаларда ойлау, сөйлеу, қиял және әлеуметтік дағдыларды дамытудың негізгі тәсілі. Осы әдістерді меңгерген педагог тәрбиелеу-білім беру процесін қызықты етеді, ал таным — балалардың қалауын мағыналы ету процесі болып табылады. Ойын арқылы балалар өмір

сүруді, өзара әрекет етуді және ойлауды үйренеді — бұл олардың мектепте оқуға сәтті бейімделуінің кепілі.

4. Бала, ата-ана және бастауыш мектеп арасындағы ынтымақтастық

Баланың мектепке дейінгі білім беруден мектепте оқуға көшуі — маңызды және көбінесе бала үшін күйзеліс кезеңі болып табылады. Мектепалды сынып педагогі тәрбиелеу-білім беру процесінің барлық қатысушылары: бала, оның отбасы және бастауыш сынып мұғалімдері арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етуде басты рөл атқарады. Педагог мектепке дейінгі және мектептегі кезеңдер арасындағы медиатор, үйлестіруші және бағыттаушы ретінде әрекет етеді, ол барлық тараптарға осы өтпелі кезеңнен жеңіл және тиімді өтуге көмектеседі.

1. Баланың жетістіктері мен қиындықтары туралы ата-аналарды хабарлар ету

Баланы үнемі бақылайды және ата-анасымен:

- оның мектепке дайындық деңгейі (зияткерлік, сөйлеу, эмоционалды, мінез-құлық),
- қалыптасқан дағдылары мен қиындықтары,
- басқа балалармен әлеуметтік қарым-қатынасы туралы шынайы ақпаратпен бөліседі.

Ұйымдастырады:

- жеке консультациялар,
- ата-аналар жиналысы (практикалық ұсыныстар беру),
- ата-аналардың қатысуымен іс-шаралар.

Практикалық кеңестер береді:

- сөйлеуді, зейінді, ұсақ моториканы дамыту,
- үйде мектепке дайындалу үшін жағдай жасау,
- баланы күн тәртібіне дағдыландыру, өзіне сенімділігін, дербестікті қалыптастыру бойынша.

Мақсаты — ата-аналарды ақпараттандыру ғана емес, сонымен қатар белсенді ынтымақтастыққа тарту, баланың дайындық деңгейі мен үйде қолдау тәсілдері туралы түсінік қалыптастыру.

2. Бастауыш сынып мұғалімдерімен ынтымақтастық

Бастауыш сынып педагогтерімен қарым-қатынас орнатады:

- бірлескен педагогикалық кеңестер, кездесулер, консультациялар өткізеді,
- болашақ бірінші сынып оқушыларын мұғаліммен және мектептегі жағдаймен таныстыру үшін «Ашық есік күндерін» ұйымдастырады,
- ҰББДҚ АЖ-де Баланың жеке даму картасын толтырады.

Бастауыш сынып мұғалімдеріне:

- болашақ бірінші сынып оқушыларының белгілі бір ерекшеліктерін түсінуге,

- әртүрлі деңгейде дайындығы мен тәжірибесі бар балаларды қабылдауға көмектеседі.

Бұл әсіресе инклюзия немесе әртүрлі деңгейдегі дайындық жағдайында 1-сыныпта балаларға бейімделу тәсілі қажет болған кезде өте маңызды.

3. Баланы мектеп өміріне дайындау

Түсініктер мен дағдыларды ғана емес, сонымен қатар:

- оқуға деген ынтаны — жаңаға қызығушылықты, оқуға деген ұмтылысты,

- тыңдау және есту, нұсқауларға сәйкес жұмыс істеу, ережелерді сақтау қабілетін,

- жаңа ортаға бейімделу, тәртіпке және талаптарға психологиялық тұрғыдан дағдыларды қалыптастыру.

Балалармен өткізеді:

- эмоцияларын басқаруға, зейін мен есте сақтауды дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар,

- мектепке экскурсия, мұғалімдермен кездесулер, мектептегі мерекелерге бару.

Балаларда мектепте — қызықты, маңызды және мектептен қорықпау керек деген түсінік қалыптастырады.

4. «Балабақша – мектеп – отбасы» бірыңғай білім беру кеңістігін құру

Бала дамуының бірыңғай векторын қалыптастыруға көмектеседі, онда:

- ата-аналар мен педагогтер бір-бірін толықтырады, бірін-бірі қайталамайды немесе бір-біріне қарсы келмейді,

- мектепте мектепке дейінгі жаста берілген білім әрі қарай жалғасын табады.

Ата-аналардың мектепке оң көзқарасын қолдайды, оларда бала мәртебесінің өзгеруіне дайындықты қалыптастырады («мектеп жасына дейінгі баладан» «мектеп оқушысына»), осы кезеңде олардың балаға тірек болуына көмектеседі.

МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫП ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІ ҮШІН ДАМУШЫ ОРТА ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мектепалды сынып тәрбиеленушілері үшін қауіпсіз және жайлы ортаны мектеп, ал дамытушы ортаны – педагог қамтамасыз етеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың толыққанды дамуы баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі болып табылады, олар қимыл белсенділігіне жағдайлар жасау, оң қарым-қатынас орнату және дамытушы орта ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етіледі.

Ол үшін дамытушы орта ұйымдастыру қажет. Дамытушы орта – заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі

материалдары бар орта. Мұндай орта дербестіктің қалыптасуына оң әсер етеді, бастаманы және тануға деген қызығушылықты ынталандырады.

Дамытушы орта балаға қолжетімді ойын және дамытушы материалдардың алуан түрлілігі арқылы қызығушылықтары мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес әрекетті еркін таңдау мүмкіндігін береді. Сонымен қатар, баланың әрекеті бастапқыда нәтижеге бағытталып құрылады: ол саналы түрде алдына мақсат қояды және оған қол жеткізуге тырысады, бұл ішкі мотивацияға ықпал етеді.

Дұрыс ұйымдастырылған дамытушы орта балалар арасындағы сондай-ақ, балалар мен ересектер арасындағы қарым-қатынас пен бірлескен әрекет үшін жағдай жасайды, баланың әлеуметтік және эмоционалды дамуын қолдайды.

Дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар:

- қауіпсіз (заттардың қауіпсіздігі мен жиһаздардың орнықты орналасуы);
- мазмұнды (заттар мен ойыншықтар, кітаптар, материалдар, құралдардың балалардың жасына және Үлгілік бағдарлама мазмұнына сәйкес болуы);
- бай болуы (барлық тәрбиеленушілердің ойын, шығармашылық, зерттеу, танымдық әрекеттері мен қимыл белсенділігін соның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытуға, қимылды ойындар мен жарыстарды ұйымдастыруға, балаларға қолжетімді материалдардың болуы);
- көп атқарымды (балалар жиһаздарын, жұмсақ модулдерді, театрландырылған қойылымдарға арналған шымылдық және басқаларды түрліше қолдану мүмкіндігі, сыныпта балалардың түрлі әрекеттерінде қолдануға болатын табиғи материалдардың, ойындарда қолданатын алмастырушы заттардың болуы);
- өзгермелі (балалардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне және тәрбиелеу-білім беру процесінің мазмұнына сәйкес ортаны өзгерту мүмкіндігі).

Дамытушы орта:

- Үлгілік бағдарламаны іске асыруды қамтамасыз етуі;
- балалардың жастарына сәйкес болуы;
- тәрбиеленушілер, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қол жетімді болуы;
- балалардың эмоционалды жай-күйі мен тұлғасын дамытуға жағдайлар жасауды;
- түрлі материалдарға бай, сондай-ақ ересек пен баланың бірге әрекет етуіне және баланың өздігінен әрекет етуіне ыңғайлы болуы тиіс.

Жиһаз бен жабдықтар баланың бойына және жасына сәйкес келуі, қауіпсіз, тартымды және балаларды дамытатындай болуы керек.

Сыныпта орналастырылған материалдар балалар үшін қызықты және пайдалы, олардың жастарына сәйкес болуы, сондай-ақ балаларға белгілі ақпарат беретіндей, яғни Үлгілік бағдарламаның мазмұнына сәйкес болуы тиіс. Сыныпты безендіруде балалардың жұмыстарын қолдану ұсынылады. Бұл

балалардың өзінің жетістіктеріне талдау жасауына және олардың ойлауы мен танымдық қызығушылықтарын дамытуға ықпал етеді.

Сыныпта орналастырылған материалдар балаларға анық көрінуі керек, материалдардың ірі элементтері жоғары орналастырылса, онда балалар оны оңай көре алатындай болуы тиіс. Балалар бөлшектерін қарауы үшін көп бөлшектері бар, өлшемі кіші материалдарды (фотосуреттер, суреттер, сызбалар және т.б.) төмен орналастыру қажет.

ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН (ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІМЕН) ЖҰМЫС

Мектепалды сыныптары бар білім беру ұйымы баланың өмірі мен дамуына ықпал ететін барлық факторларды ескеруі тиіс. Демек, баламен жұмысты ата-аналармен (заңды өкілдермен), ортамен өзара ынтымақтастықта құру аса маңызды. Ол үшін барлық ерекшеліктерді: әлеуметтік жағдайды, отбасы тарихын, отбасының мәдени ерекшеліктері мен салт - дәстүрлерін, баланың мінез-құлқы мен ерекшеліктерін ескеру қажет. Ата-аналармен үнемі қарым-қатынаста болу және оларды тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту тек педагогтің ғана емес, мектептің де басты міндеттерінің бірі болуы тиіс. Осыған байланысты ата-аналар мен мектепалды сынып педагогінің арнайы байланыс аймағын құру абзал. Білім беру ұйымының алдына қойылған міндеттер тәрбиелеу-білім беру процесінің нәтижелі болуы үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыруды көздейді. Балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту процесіне ата-аналарды тарту мәселесі мынадай бағыттарда шешіледі:

- 1) ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;
- 2) ата-аналарды мектепалды сыныптың қызметіне тарту.

Балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жауапкершілікті іске асыруда ата-аналарға көмек көрсету жолымен оларды тәрбиелеу-білім беру процесіне белсенді қатысушылар ретінде тарту. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін:

- 1) әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнату;
- 2) балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектептің күш-жігерін біріктіру;
- 3) өзара түсіністік атмосферасын құру, мүдделердің ортақтығын, мектепалды сынып тәрбиеленушілері мен педагогтері, ата-аналар арасында қарым-қатынасқа деген оң көзқарас пен тілектестікті қолдау;
- 4) балалардың ата-аналарымен және заңды өкілдерімен сындарлы ынтымақтастықта қарым-қатынас орнату үшін педагогтерді даярлау.

Ата-аналармен жұмыста ата-аналар жиналыстарының жаңа форматтарын пайдалану ұсынылады, олар тренингтер, семинарлар, «ашық есік күндері», ата-аналардың қатысуымен педагогикалық кеңес, ата-аналар конференциясы, ата-аналармен бейресми байланыс орнатуға, олардың назарын тәрбиелеу-білім беру процесіне аударуға бағытталған дәстүрлі емес қарым-қатынас нысандары түрінде өтуге тиіс, ата-аналар өз баласын жақсы білуі керек, оны басқа, өзі үшін таныс емес жағынан көруі тиіс, педагогтермен

өзара қарым-қатынаста болуы қажет. Сонымен қатар, жеке және топтық консультациялар, ата-аналар жиналыстарын, проблема бойынша пікірталастар, «ауызша журналдар», педагогикалық қонақ бөлмелерін, сұрақ-жауап кештерін, «ток-шоу» өткізу, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің бейнежазбаларын қарау, содан кейін талқылау және басқалары ұсынылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мектептердің (лицейлер мен гимназиялардың) мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру педагогтерден тек кәсіби білім мен әдістемелік дайындықты ғана емес, сондай-ақ 5 жастағы балалардың жас және жеке ерекшеліктерін білуді және түсінуді талап етеді. Осы кезеңде тиімді қолдау баланың мектептегі оқу жағдайына сәтті бейімделуін қамтамасыз етуде негізгі рөл атқарады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында берілген заманауи тәсілдер түрлі балалар әрекетін кіріктіру қажеттілігін, ойын, әрекет және зерттеу әдістерінің басымдығын, сондай-ақ баланың эмоционалды жайлылығы мен ынтасын қамтамасыз ететін дамытушы орта ұйымдастыруды қарастырады.

Балаларда:

- негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру: физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалды;
- бастауыш мектеппен сабақтастық қағидаттарын іске асыруға;
- ата-аналармен және бастауыш сынып мұғалімдерімен өзара ынтымақтастыққа;
- балалардың дербес және бірлескен әрекеттерін қолдауға көңіл бөлу керек.

Педагог тек тәлімгер ғана емес, сынып пен әр баланың қажеттіліктеріне жауап бере алатын серіктес, ұйымдастырушы, бақылаушы және медиатор болуы тиіс.

Осылайша, мектепалды сыныптардағы әдістемелік сауатты ұйымдастырылған тәрбиелеу-білім беру процесі баланың оқуға ынтасын, мектепке оң көзқарасын және өз күшіне деген сенімін қалыптастыруға негіз болады. Бұл процесте педагог мектепке дейінгі балалық шақтан мектеп өміріне көшу кезеңінде баланың тәлімгері, серіктесі және нұсқаушысы ретінде негізгі рөл атқарады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы)
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы);
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы);
5. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР ОАМ 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы)
6. 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат <https://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/2025/08/d-k25.pdf>

МАЗМҰНЫ

1	ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА	3
2	МЕКТЕПТЕРДІҢ (ЛИЦЕЙЛЕР МЕН ГИМНАЗИЯЛАРДЫҢ) МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫПТАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТӨРТІБІ	5
3	МЕКТЕПТЕРДІҢ (ЛИЦЕЙЛЕР МЕН ГИМНАЗИЯЛАРДЫҢ) МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫПТАРЫ ПЕДАГОГІНІҢ РӨЛІ	6
4	МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫП ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІ ҮШІН ДАМУШЫ Орта Ұйымдастыру	13
5	ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН (ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІМЕН) ЖҰМЫС	15
6	ҚОРЫТЫНДЫ	17
7	ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	18

*Разработаны на базе Института раннего развития детей
Министерства просвещения Республики Казахстан*

Методические рекомендации по организации воспитательно-образовательного процесса в предшкольных классах общеобразовательных школ (лицеев, гимназий): Методические рекомендации. – Астана, 2025. – 36 стр.

Рецензенты:

Жиенбаева С. Н, д.п.н., профессор

Кайыргалиева Б.Т., заведующая

Алпысбаева Н.С., методист

Методические рекомендации направлены на реализацию ключевых принципов дошкольного образования, таких как: обеспечение преемственности между дошкольным и начальным образованием; развитие базовых компетенций ребенка (физической, коммуникативной, познавательной, творческой и социально-эмоциональной); использование игровых, деятельностных и исследовательских методов обучения; создание развивающей среды; индивидуальный подход к каждому ребенку; эффективное взаимодействие с родителями и педагогами начальных классов.

Данные методические рекомендации предназначены для педагогов предшкольных классов общеобразовательных школ (лицеев, гимназий)

Методические рекомендации рассмотрены и рекомендованы Научно-методическим советом Института раннего развития детей МП РК (протокол № 14 от 28 октября 2025 года).

Институт раннего развития детей, 2025 год

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

